



ЕЛБАСЫ ИДЕЯЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА



Комиссар «ЭКСПО-2017» Рапиль Жошыбаев ознакомился с проектами ученых КазНУ им. аль-Фараби, которые будут представлены на Всемирной специализированной выставке в Астане. Также он встретился со студентами, посетил Технопарк и Центр «зеленых технологий» университета.

ЭНЕРГИЯ БУДУЩЕГО

Ректор КазНУ академик Галым Мутанов рассказал гостю о достижениях, научно-инновационной и образовательной деятельности университета, проектах ученых и студентов по энергетике будущего. В национальном павильоне «Казахстан» будут представлены такие инновационных разработки, как: устройство для разделения углеводородной газовой смеси на компоненты методом конвективной диффузии; плазменно-топливные системы для повышения эколого-экономических показателей тепловых электростанций и пылеугольных котельных; автономная солнечная установка для получения тепловой и электрической энергии; разработка кремниевой солнечной батареи с планарным концентратом.

Продолжение на 3-стр.

ЖАСТАР ЖЕМҚОРЛЫҚТАН ТЫС УНИВЕРСИТЕТТЕРДІ ҚОЛДАЙДЫ!

Алматыда «Жастар жемқорлықтан тыс университеттерді қолдайды!» атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы алғашқы студенттер форумы өтті. Шараға қаладағы 38 жоғары оқу орнының студенттері мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты. Форум әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жетекшілігімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Алматы қаласы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен бірге ұйымдастырылды.

Шара қатысушылары студент жастарды жемқорлыққа бірігіп қарсы шығуға, академиялық шыншылдық қағидасын ұстануға және әлеуметтік зұлымдық – жемқорлыққа қарсы күрес жұмысына өзіндік үлес қосуға шақырды.

Студент жастар жемқорлыққа қарсы жұмыстағы тәжірибелерімен, жобаларымен және бастамаларымен креативті түрде бөлісіп, өзара идея алмасты, ой-пікірлері мен ұсыныстарын білдірді. Қазақстандық эстрада жұлдыздары жарқын өнерлерімен жастарды қолдап, Студенттер сарайының сахнасында жастармен бірге «Жемқорлыққа жол жоқ!» деп ұрандады.

Форум барысында ҚазҰУ студенттері «Жастар – жемқорлықтан тыс университеттерді қолдайды!» қозғалысын бастап берді. Олар жемқорлыққа қарсы форум эстафетасын Алматы қаласы мен республиканың 38 оқу орнына салтанатты түрде табыстады.

Жалғасы 3-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңес отырысында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы талқыланды.

ҚазҰУ ұжымы Мемлекет басшысының ел тағдырына қатысты ой-толғауын үлкен ықыласпен қабылдады. Мақала конституциялық реформа мен Үшінші жаңғырудың экономикалық қайта құрылуын толықтыра түсіп, шын мәнінде, Қазақстанның табысты дамуының жаңа идеологиялық тұғырнамасына айналып отыр.

Жиынға қатысушылар Елбасы үндеуінің тарихи дамуының Қазақстан үшін жаңа кезеңіндегі асқан өзектілігі мен маңыздылығын атап өтті. Ғалымдардың пікірінше, қоғам санасының жаңғыруы – алға жылжуымыз үшін аса қажетті қадам.

Филология және әлем тілдері факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы аталған мақаланың біздің қоғамның түйіткілді мәселелерін айқын көрсеткен және оларды шешу жолдарын ұсынған стратегиялық бағдарламалық құжат болып табылатындығына тоқталды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері білім мен ғылымды дамытуда көптеген істер атқарылды. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт», – делінген Елбасы мақаласында. Университеттер ғылым, білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеу орталығы ретінде қоғамдық сана жаңғыруының қозғаушы күшіне айналуы тиіс.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Елбасы идеяларын насихаттай отырып, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласында көрсетілген көптеген бағыттарды жүйелі түрде жүзеге асыруда.

«Al-Farabi university – smart city» кешенді ғылыми-инновациялық жобасы білімге негізделген экономика үшін жоғары білікті маман дайындауға, бәсекеге қабілетті ұлттың

табысты дамуына арналған қуатты рухани-адамгершілік және зияткерлік тұғырнаманы қалыптастыруға бағытталған. IT-технология саласындағы ҚазҰУ қызметі сандық Қазақстанды құрудағы маңызды қадам болып табылады», – дейді философия ғылымдарының докторы, профессор Жакыпбек Алтаев.

ҚазҰУ магистранты, Жастар ұйымдары комитетінің төрайымы Айсұлу Ерниязова: «Айналанды нұрландыр», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобалары – университеттің жастарды азаматтық және рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуге қосқан үлесі», – деп атап өтті.

«Ұлттық тұтастық, мәдениет, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, бабаларымыздан қалған рухани мұраларды сақтау, латын әліпбиіне көшу, білім берудің маңызын арттыру, мақсатқа жетудегі прагматизм, салауатты өмір салты сынды қоғам санасын жаңғыртудың маңызды құрамдас бөліктері бізге етене таныс әрі түсінікті. Ұлт көшбасшысымен бірге елімізге және жас ұрпақтың келешегіне деген қамқорлықты бөлісе отырып, біз бар күш-жігерімізді, біліміміз бен тәжірибемізді алға қойған мақсатқа жету үшін аямаймыз», – деп нықтады ҚРҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы Берекет Кәрібаев.

Жиын қатысушылары Нұрсұлтан Назарбаев идеяларын өмірге ендіру, оның «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсетілген жоспарлар мен басымдықтарын нақты қолдану – ел әлеуетін нығайтуға қуатты серпін беретініне және адами капиталдың дамуына, бірлікті, ұлттық тұтастықты сақтауға, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететініне сенім білдірді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

БҮГІНГІ САНДА:

«HUAWEI» –
ҚАЗҰУ-ДА



БІРТҰТАС
ҰЛТ БОЛУ
ҚАДАМЫ

4-бет



ТҰҒЫРЛЫ
ЖЕҢІСІ

8-бет



2-бет

«HUAWEI» – ҚАЗҰУ-ДА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Huawei» ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығының ресми ашылу салтанаты өтті. Стратегиялық серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов пен «Huawei Technologies Kazakhstan» компаниясының бас директоры Хоу Тао қол қойды.

Орталық жұмысы IT және телекоммуникация саласында жоғары білікті мамандарды даярлауға, бірлескен білім беру бағдарламаларын жасауға, ғылыми зерттеулер жүргізуге және инновациялық өнімдер мен шешімдерді шығаруға бағытталған. Сонымен қатар, университет оқытушылары мен студенттері «Huawei» компаниясының бөлімдерінде тағылымдамадан, өндірістік және ғылыми-зерттеу тәжірибелерінен өте алады. Компанияның соңғы техникалық өнімдері мен технологиялары туралы жедел ақпарат алатын болады.

«Huawei» ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында әлемдік жетекші корпорация болып табылады.

Компанияның өнімдері мен қызметтерін әлемнің 170-тен аса мемлекеті тұтынады. Енді біз Қазақстанның жетекші университеті – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірге келешектің ақпараттық қоғамын құруға жұмыс істейтін боламыз», – деп атап өтті «Huawei Technologies Kazakhstan» басшысы Хоу Тао.

«Huawei» заманауи телекоммуникациялық құрылғыларымен және бағдарламалық өнімдерімен жабдықталған орталықта оқу курстарын жүргізу, ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар саласында



қызмет ететін мамандардың біліктілігін арттыру және оларды сертифициаттау жоспарлануда.

Кездесу барысында тараптар Жаңа Жібек жолы университеттері альянсінің IT-технопаркін ҚазҰУ базасында құру жобасын бірлесіп жүзеге асыру туралы келісімге келді. Аталмыш жоба алдыңғы қатарлы сандық технологиялар мен инновациялық зерттеулерді дамытудың орталығы болады деп күтілуде.

ҚазҰУ-дың IT-технология саласындағы қызметі ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев алға қойған сандық Қазақстан құру бойынша міндеттерді жүзеге асыруда маңызды кадам болып табылады. Атап өту керек, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында аты

әлемге әйгілі «Hewlett-Packard», «Microsoft», «Cisco», «Konika Minolta», «Fujitsu», «Samsung» «Касперский зертханасы» және тағы басқа компаниялардың ғылыми-білім беру орталықтары ашылып, жемісті жұмыс істеп келеді.

«Al-Farabi university – smart city» ғылыми-инновациялық кешенді жобасы аясында Қазақстанның жаңа сандық экономикасына қажетті жоғары білікті мамандарды дайындау және бәсекеге қабілетті ұлттың қарқынды дамуы үшін қуатты рухани-адамгершілік және интеллектуалдық тұғырнаманы қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Баспасөз қызметі



КАЗНУ В ОРХУНСКОМ ПРОЦЕССЕ

КазНУ им. аль-Фараби присоединился к реализации проекта «Орхунский процесс». Соглашение об участии в масштабной программе были подписаны представителями 16 вузов Азербайджана, Казахстана, Кыргызстана и Турции на заседании Совета тюркских университетов в городе Бишкек (Кыргызстан).

между тюркскими университетами, которые пройдут 15-19 мая 2017 г. в Бишкеке.

Соб.к.рр.

Гуль БАЯНДИНА

РЕКТОРАТ

Сегодня социальная ответственность является одним из главных принципов и направлений деятельности не только бизнес-структур, но и высших учебных заведений. По традиции на заседании ректората за хорошую учебу и активное участие в общественной жизни университета стипендии получили студенты факультетов журналистики, филологии и мировых языков.

ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ

Ректор КазНУ Ғалым Мұтанов торжественной обстановке вручил диплом студенту 4 курса специальности «Учет и аудит» Ергали Нурхалиеву за победу в республиканском конкурсе на лучшую научную работу студентов по естественным, техническим и гуманитарным наукам «Ученые будущего».

На ректорате были заслушаны отчеты директоров НИИ проблем экологии Айжан Скаковой, Национальной нанотехнологической лаборатории открытого типа Маратбека Габдуллина, НИИ математики и механики Алматы Кыдырбекулы о выполнении дорожной карты по достижению пороговых показателей индикативного плана и по вхождению в топ-200 университетов QS WUR.

Как отметили руководители институтов, в сравнении с показателями прошлого года наблюдается увеличение количества международных научных грантов, а также научных статей, опубликованных сотрудниками институтов в рейтинговых изданиях. Также была отмечена положительная динамика получения патентов. По информации М. Габдуллина, были поданы две заявки на получение патентов на технологию получения наноструктурированных пленок на основе углерода, титана и серебра с эффектом плазменного резонансного поглощения. Авторами разработки являются О. Приходько, Е. Мухамедкаримов, С. Михайлова, Н. Манабаев, С. Максимова, К. Даутхан.

В НИИ проблем экологии сумели получить три охранных документа. Это патенты на полезную модель лекарственного средства «Экстракт Вексбии лисохвостной», обладающего ранозаживляющим и противомикробным действием; прибор для измерения отклонения оси скважины большого диаметра от вертикального положения; способ очистки от наносов и углубления русел рек и устройство для его осуществления.

Давая оценку деятельности НИИ, проректор по научно-инновационной деятельности Тлеккабыл Рамазанов акцентировал внимание на необходимости увеличения числа проектов с грантовым финансированием и по хозяйственным договорам, получение патентов и охранных документов, активизации деятельности по коммерциализации проектов.

На Ученом совете прошло обсуждение статьи Главы государства Н. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»

ЭНЕРГИЯ БУДУЩЕГО

Продолжение. Начало на 1 стр.

Кроме того, в выставочном павильоне планируется показать проект первого казахстанского наноспутника; энергосберегающие газоразрядные лампы с повышенной интенсивностью свечения; малотоннажные установки по производству углеродных наноструктур; технологии получения электроэнергии с использованием пьезоэлементов в дорожном полотне и производства катализатора гидрирования растительных масел и многие другие.

Р.Жошибаев высоко оценил научный потенциал КазНУ, отметив, что университет как ведущий центр инноваций становится точкой роста «умной» экономики страны и драйвером «зеленой» энергетики. Участие ученых и молодых исследователей КазНУ в «ЭКСПО-2017» — это хорошая возможность не только продемонстрировать свои работы, но и обрести ценный опыт, быть в гуще инновационных идей со всего мира, найти партнеров и единомышленников.

Интересно и оживленно прошла встреча Рапиля Сейтхановича со студентами. Он рассказал о ходе подготовки проведения «ЭКСПО-2017» в столице страны Астане, подчеркнув, что специализированная выставка станет грандиозным событием мирового масштаба. В ней примут участие более 100 стран и 10 международных орга-



низаций, жителей и гостей столицы ждут более трех тысяч культурных мероприятий. Планируется, что выставку посетят свыше двух миллионов человек. Р.Жошибаев

пригласил преподавателей и студентов посетить выставку, поддержать своих коллег, представляющих проекты, и выразил уверенность, что они увидят

много интересного и получат массу приятных впечатлений.

Во время встречи студенты получили ответы на интересующие их вопросы, приняли участие в викторине, лучшие из них были отмечены сувенирами и памятными подарками.

В преддверии проведения «ЭКСПО-2017» в КазНУ создан Центр «зеленых технологий», представляющий собой городское «Мини-ЭКСПО». Здесь реализуются проекты по «зеленой энергетике» с применением инновационных технологий получения энергии: ветровой, солнечной, геотермальной, гидро- и биогазовой энергетики. Также в Центре на основе наукоемкого инжиниринга осуществляется подготовка специалистов.

На территории кампуса КазНУ создается экологически устойчивая и комфортная «зеленая» среда. Заканчиваются работы по благоустройству русла реки «Керенкулак» с системой очистных сооружений. Вода из реки будет использоваться в создаваемой искусственной экосистеме «Аквапоника». Это будет уникальным местом отдыха студентов, гостей университетского кампуса и жителей Алматы, а также практической базой для обучения студентов по содержанию и разведению декоративных и ценных видов рыб и растений.

В ходе визита в КазНУ Рапиль Жошибаев ознакомился с деятельностью Центра обслуживания студентов «Керемет», Центра ситуационного управления и передал в дар библиотеки университета книгу «Лондон-Астана» об ЭКСПО-2017.

Соб.к.к.рр.

Филология және әлем тілдері факультеті «Филология: қазақ филологиясы» мамандығының 1-курс студенттері ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауы мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын зор қызығушылықпен талдады.

ЖАСТАРДЫҢ НАЗАРЫНДА

Елбасы Жолдауында еліміздің экономикасын дамыту мақсатында көптеген маңызды істер қолға алынғандығын атап өтті. Қазақстан әлемдегі экономикасы жақсы дамыған 50 мемлекеттің қатарына кірді. «Жаңғырық» үлкен технологиялық өзгерістерге тыйым келмек. Бұл — автоматтандыру, роботтандыру, санды интелект сынды өзгерістер болмақ. Еліміздің болашағы — жастарға үлкен мүмкіндіктер ұсынылып отыр. Ең бастысы үш тұғырлы тілді мемлекет болу мүмкіндігі артып, 200 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылып, жұмыссыздықты жою қолға алынуда деп атап өтті жастар. Басты назар аударарлық нәрсе жұмыссыз жастар мен ересектерді тегін кәсіби-техникалық білім беру жүйесімен қамтамасыз ету болып табылады. Барлық мәселені тиянақтай келе отырып, Елбасымыз білім беру, денсаулық сақтау, экономиканы дамыту, технологияны жаңғырту, адами капитал сапасын жақсарту, нарықты одан әрі дамыту сынды жүйелердің бастауына негіз салды. Қазақстан 25 жылдық даму жолын өткергендей, алдағы 50 жылда бұдан да биік белестер мен жетістіктердің күтіп тұрғанына сеніміміз мол. Еліміздің даму барысында осындай бағыттарды ұстануына қосыла отырып, жастар алдағы уақытта мемлекетіміздің өсуі мен өркендеуіне өз үлестерін қосатындықтарын жеткізді. Сондай-ақ талқылауда топ студенттері еліміздегі ірі жаңалықтар, әлемдік деңгейдегі іс-шаралар төңірегінде өз ойларымен үлесті. Елбасы үндеуінде атап көрсетілген еліміздегі өзгерістерге, білім беру ісіндегі тың жаңалықтарға студенттер қуанышты екендіктерін білдірді.

Қуралай СМАҒҰЛОВА,
«Филология: қазақ филологиясы»
мамандығының 1-курс студенті;
Назыккен ЕГІЗБАЕВА,
куратор-эдвайзер

ЖАСТАР

ЖЕМҚОРЛЫҚТАН ТЫС УНИВЕРСИТЕТТЕРДІ ҚОЛДАЙДЫ!



Жалғасы. Басы 1-бетте

Жастар ұйымдары комитетінің төрайымы Айсулу Ерниязова жемқорлыққа қарсы форум қатысушыларының үндеуін оқып, студент жастардың азаматтық ұстанымы мен олардың жемқорлыққа қарсы күрестегі ұранын жеткізді.

«Біз өз болашағымызды Заң үстемдік еткен қоғаммен байланыстырамыз. Парасаттылық, еңбекқорлық пен ақыл, талант пен іскерлік қасиеттері жастардың кемел келешегіне, сый-құрмет пен бақуатты өмірге жол ашады. Бірлесіп біз жемқорлықсыз әділетті қоғам — Мәңгілік Ел құра аламыз», — деп ҚазҰУ магистранты Айсулу Ерниязова форум жұмысын тұжырымдады.

«Жоғары оқу орындарындағы жемқорлықпен күрес елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды басымдыққа ие

және онда студент жастардың алар орны ерекше. Біз сіздердің бұл бастамаларыңызды құптаймыз және сіздермен бірге жемқорлықтан тыс университеттерді қолдауға келдік. Жемқорлықсыз мемлекет сіздердің әрқайсыларыңыздан басталады. Болашақ жастардың қолында!» — деп ҚазҰУ проректоры Шолпан Жаманбалаева форум қатысушыларына үндеу тастады.

ҚазҰУ белсенділері жиналғандарға «Университет жемқорлықтан тыс» жобасының жүзеге асырылуы жайлы баяндап берді. Оқу орнында жемқорлыққа қарсы механизмдер мен технологиялардың біртұтас жиынтығы енгізіліп, кез келген жемқорлық әрекетіне шыдамсыздық танытатын орта құрылған.

Университетте жоғары этикалық талаптар мен тәртіп стандарттарынан тұра-

тын Оқытушылар мен қызметкерлердің Корпоративті мәдениет кодексі, Студенттердің ар-намыс кодексі енгізілген. Жемқорлыққа қарсы саясатты университетте үнемі жетілдіріп отыруға «кері байланыс» арналары көмегін тигізуде. Әлеуметтік серіктестік негізінде басқару шешімдерін қабылдау үдерісіне студенттерді көптеп тартуға үлкен мән беріледі. «Керемет» студенттерге қызмет көрсету бірегей орталығының ашылуы «университет-студент» өзара әрекеттесуіндегі бюрократиялық кедергілерді жоюға мүмкіндік берді. Мұнда «бір терезе» қағидасы бойынша студенттерге 500-ден астам әкімшілік, білім беру, медициналық, әлеуметтік-тұрмыстық және кеңес беру қызметтері көрсетіледі.

Баспасөз қызметі

21 сәуірде Әл-Фараби кітапханасында «Цифровизация және рейтингтер университеттердің ілгері жылжуы мен даму құралы ретінде» атты халықаралық семинар өтеді

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласы – еліміздің қоғамдық-саяси, тарихи, мәдени, рухани өміріндегі болашақ даму жоспарын айқындап берген бағдарлама. Қайта түлеудің саяси және экономикалық екі үдерісіне байланысты нақты мақсат-міндеттер, басымдықтарды талдап, талқылап, түсіндіріп, тіпті қалай жүзеге асырудың жолдарына дейін баяндаған. Тәуелсіздік кезеңінде атқарылған зор істерге баға беріле келіп, енді біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басамыз деген мәселені күн тәртібіне қояды. Мақаланың өн-бойында айтылған мәселелерді түйіндей келгенде: ұлттық бастауларды, ұлттық тарихты берік негіз ете отырып, әлемдік бәсекеге төтеп беру үшін, бәсекеде озу үшін жаңа коммуникативтік технологияларды меңгеру, тұтас халықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, санасын жаңғырту, жаңа өзгерістерге бейімдеу қажет.

БІЗ МІНДЕТТЕРДІ АЙҚЫН СЕЗІНЕМІЗ!

Осы тұста экожурналистикаға қатысты міндеттерді айқын сезінеміз. Шынайы прагматизмнің жарқын үлгілерін болашақта көргіміз келсе, Елбасымыз айтқан ұлттық байлығымызды үнемді пайдалану, ысырапшылыққа жол бермеу, табиғатты сақтау, жаһандық, өңірлік экологиялық мәселелер туралы БАҚ-та экологиялық ойлау тұрғысынан толыққанды, сараптамалық ақпараттар берілуі қажет.

Ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесіне байланысты Елбасы басты екі қырын сипаттаған: ол ұлттық сана-сезімді дамыту және ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, сипаттарын өзгерту, ұлттық мәдениетті сақтау. Бұл міндетке біз де өз тарапымыздан атсалысудамыз. ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасында «Жаһандық әлемдегі журналистиканың социомәдени көптірлілігі: ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері» тақырыбы бойынша іргелі ғылыми жоба орындалды. Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми еңбектер жарық көрді. Аталған зерттеулер Елбасы қойған міндеттермен үндесіп жатыр.

Қазіргі таңда телекоммуникациялық, компьютерлік және хабар тарату технологияларының өзара қызметі коммуникациялық органы өзгертті. Жаңа медиа-жүйелер пайда болды. Сондықтан мультимедиялық, сандық, интерактивті коммуникациялар дәуірінде бәсекеге қабілеттілік танытуымыз, студенттердің бойына халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу, шетел тілдерін жетік меңгеру, әртүрлі тілдік платформаларда еркін жұмыс істей білу құзыреттіліктерін сіңіруіміз қажет.

Жаңа сапалық деңгейде білім беруді көздейтін қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық жобасы – дәл уақытында қолға алынған аса пайдалы әрі маңызды идея. Жастардың қандай мамандыққа болмасын жедел бейімделуіне, жан-жақты болуына қазақстандық білім берудегі ерекшеліктер, инновациялар игі ықпал етеді деп ойлаймын.

Н.Т. ШЫҢҒЫСОВА,
ф.ғ.д., ЮНЕСКО,
халықаралық журналистика
және қоғамдық медиа
кафедрасының меңгерушісі

ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» республикалық газетіне жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, жаңғырта дамытуға үндейтін, іргелі бағдарламалық бағыттағы құжат.

Алғаш ойымызға келген нәрсе: Елбасы қаламынан шыққан мына жазбада көтерілген мәселенің мақала ауқымынан әлдеқайда кең әрі өзекті екендігі. Мақаладан гөрі Елдің ертенгі рухани, мәдени өсуінің бағдары, бағдаршамы дерсіз. Әр сөйлемде үлкен мән бар, ой бар, сұрыпталған сөз, іріктелген тіркес, көптен толғандырып жүрген ойдың әсерлі толқынысынан туған тұжырым бар.

XX ғасырдағы батыстық жаңғырудың үлгісі бүгінгі егемен қазақ еліне үлгі бола алмайды дейді Елбасы, өйткені «жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңнен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу».

Ұлттық код қайда? Ұлттық код, ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шыңдалып, парасаттылықпен шырайланған.

Ұлттық кодта парыз бен әділдік қатар сомдалып, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Иасауи, Абай мен Шәкәрім, Ахмет пен Әлихан, Мағжан мен Міржақып шығармашылығы арқылы халыққа дәріптелген, астары мен арқауы мықты оралымды сөз өрнегімен, ұғынықты тілмен өрілген. Қазақтың ұлттық кодында әділдік тұжырымдамасы ежелгі дәуірден бастап жинақталып, туыстығы жоқ үлкенге деген сыйластық болып танылған. Сыйластық пен ізгілік, ізеттілік пен имандылық қазір енді этикетке айналған тұста осы ұлттық кодты дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет.

Ұлттық кодқа негізделген ұлттық сананың кемелдене дамуын Елбасымыз үлкен мәселе етіп көтеріп, екі қырын атап көрсетеді: ұлттық сананың көкжиегін кеңейту және ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. «Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілері қатерінің» де бар екенін ескертті. Ол қандай қатер деңіз? Қатер мынада: өзгенің ұлттық даму үлгісі жұрттың бәріне ортақ әмбебап үлгі бола алмайды. Елбасымыздың көрсетуінше, «іс жүзінде әрбір өңір

мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда». Дер кезінде және нақты айтылған пікір дер едік.

Елбасымыз бұл қатерді неге ескертіп отыр?! Демек, өзге ұлттың даму үлгісінің бәрін қаз қалпында көшіріп ала беру, халқымыздың ділін, мінезін, рухани және материалдық құндылықтарын ескермеу бізде жоқ емес. Осы қатер туралы қазіргі басшылар да көп ойланса, нұр үстіне нұр болмақ.

Қазіргі уақытта халық көңілінен шықпай, ерекше алаңдатып отырған мәселенің бірі – бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін енгізу, жоғарғы сыныптарда жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту дер едім. Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде мектепте және жоғары оқу орындарында жаппай оқыту қазақ тілінің ғылым тілі бола алмайтындығының басты кепілі болмақ. Қатер ме? Әрине, қатер. Білім жүйесінде шетелдің бәрі жақсы екен деп, түгел сол жүйені көшіріп әкеле салғанда, жоғары

біртіндеп бастау керектігін нақтылады. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап айтыла бастаған бұл мәселенің қазір шешілетін сәті келгендей. Әлеуметтік желілердегі кешелі-бүгінді жазылып жатқан пікірлер легін саралау да көпшіліктің бұл реформаны қолдайтынын аңғартады.

Қазақ жазуының өткен тарихы қиын. Қазақ еліне өз өктемдігі мен өкімдігін жүргізгісі келгендердің барлығы оның рухани болмысына жасайтын шабуылын, ең алдымен, жазуды өшіруден бастаған екен. Кез келген жазу сол ұлттың дәстүрлі мәдениетін елдігін, тарихи жадын сақтайтын жәдігер екенін ескерсек, мұның мәнісі түсінікті де. Араб жаулаушылары атының тұяғы жеткен жерлердің барлығында түркілік таңбаларды жоюға күш салыпты, орыс колонизаторлары қазақ еліне кең тараған араб жазуымен, араб мәдениетімен күресіп, жазуды өшіріп, ақыры өз әліпбиін енгізген. А.Байтұрсынұлының төте жазуының тағдыры қалай болғаны бүгінгі көзі ашық қауымға белгілі. Қазақтың



деңгейде дамып кетеміз деу күпірлік қана емес, оның ар жағында ұзаққа шаба алмайтын шабандық та жатады. Елбасымыз ескертіп отырғандай, қазақ білім жүйесінің өзінің дербес даму үлгісі жасалуы қажет. Ол ұлттық сананы, ұлттық рухты асқақтатып, жастардың бойындағы ұлттық сананың кемелденуіне жетелеуі тиіс. Н.Ә.Назарбаевтың «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деуінің мәнісін терең түсіну абзал. Бірінші сыныптан балаларға үш тілді оқытуды немесе жаратылыстану пәндерін тек ағылшын тілінде оқытуды қолдамау үштілділік идеясына қарсылық емес. Ағылшын тілін оқудың, үйренудің бүгінгі таңда еліміздегі жастар үшін мотивациясы жоғары, мүмкіндігі де мол. Болам деген баласына ата-анасы кез келген тілді ақылы түрде оқыта алады. Бұл – біздің ұлттық кодымызда жаңғырған, қажеттілікке айналған, кодталған мінез. Ал оқығысы келгендерге тегін әрі өз қалауынша оқып үйрену үшін ағылшын курстарын ашып қою арқылы да көп мәселені шешуге болар еді.

Елбасымыз таяу жылдардағы басты міндеттердің бірі және негізгісі ретінде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын

қайран тілі көшпенді ғұмыр-тіршіліктің ар қасында жазуға мойынсұнбағандықтан, өзге тілдердің ырқына көне қоймай, өз болмыс-бітімін сақтай дами берген.

Ал қазіргі жай басқаша. Тәуелсіз еліміз әлемдік өркениетте өзіндік орнын белгілеп, алдыңғы қатарға шығу үшін ұйымдасуда. «Тарихтың темір қақпанына түспеу үшін» өркендей дамуды басты бағдар ретінде белгілеп, ұлттық құндылықтарды ұлықтауды қалайды. Қазір бірінші сыныпқа барған балалардың 90 пайыздайы қазақ сыныптарында отыр, ЖОО аудиторияларында қазақ топтары 85-90 пайызды құрайды. Демек, латын әліпбиіне көшудің ең басты алғышарттары орындалды деуге толық негіз бар. Ендігі басты мәселе – қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау. Біздің пайымдауымызша, мұндай стандарт бізде бар. Ол Ахмет Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізін сақтайтын латынша таңбалық нұсқалары. Сондай-ақ қазіргі тілші ғалымдар емелер мен жазу ережелерінде бірізділік болатындай жақсы емелерді өзара анықтап алып халыққа ұсынуы тиіс.

А.Б. САЛҚЫНБАЙ,
ф.ғ.д., профессор

Ауғанстанда қызметте болған кеңес әскерлері берген анттарына адалдық, жоғары патриотизм және әскери бұйрықты орындауда борыштылық сезімін танытты. Біздің тарихымыздағы бұл оқиғаға қоғамдық пікір әр түрлі болып, қаншама өзгеріске ұшыраса да осы соғыстың ауыр жүгін арқалаған, от пен оқтың арасынан өткен адамдар біз үшін бас июге лайық ерлік көрсеткен жандар болып қала бермек. Олар – өздері сенім артқан, сүйген Отанының мүддесі үшін аттанғанына шынайы сенген батырлар. Сондай жандардың бірі – 1985-1987 жылдары Ауғанстан Республикасындағы Кеңес Армиясы құрамында қызмет еткен Ауған соғысының ардагері, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры Болат Сайлан биыл мерейлі 50 жасқа толып отыр.

Елің сүйген азамат



Болат Сайлан Санабайұлы 1967 жылы 11 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Турбат селосына қарасты Еңбек ауылында дүниеге келген. 1993 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетін үздік бітірген. 1998 жылы «Ауған соғысы және оған қазақстандықтардың қатысуы (1979-1989 жж.)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын, 2010 жылы «Кеңес өкіметі тұсындағы жастар саясатының Қазақстанда жүзеге асырылуы: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.)» атты докторлық диссертациясын Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде қорғап шықты.

1993 жылдан 2012 жылға дейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде оқытушылық қызметте болып, ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент, 2001-2004 жылдары дайындық факультетінің деканы, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі (2011-2012 жж.) қызметтерін атқарды. 2012 жылдан өзі оқып-бітірген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры.

Бірнеше үкіметтік және ведомстволық наградалар мен алғыс хаттардың иегері, сонымен қатар Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.

Ол үш монография, ҚР-дың жетекші журналдарында және шет елдерде (Мәскеу, София, Ташкент, Бішкек) қазақстандықтардың ауған соғысына қатысуы және Қазақстанның жастар саясаты мәселелері бойынша 100-ден астам ғылыми мақала жариялады.

Ауған соғысы және ондағы әскери қызметі өткен тарих беттері болып қалса да Болат Сайлан сол сұрапыл соғыстың

қыр-сырын, себептері мен салдарын бүгінгі жастарға ашып көрсетіп, жас ұрпақ өткен соғыстың қасіреттерін ұмытпай, қателіктерді қайталамай, тарихтан сабақ алу қажеттігін айтып, түсіндіріп, патриоттық тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеді.

Профессор Сайлан Болат Санабайұлы ұжымда сыйлы және зор беделге ие, оны студенттер де қатты құрметтейді. Оған принципшілдік, талапшылық, ұқыптылық, тиянақтылық, жауапкершілік сынды қасиеттер тән.

Тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы профессор Сайлан Болат Санабайұлын 50 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық-саулық тілейді!

**С. СМАҒҰЛОВ,
С. УДЕРБАЕВА,**
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушылары

Жақында Алматы қаласы №146 мектеп-лицейінде «Тарихы терең – Мәңгілік ел» тақырыбында тарих, археология және этнология факультеті оқытушы-профессорларының мектеп оқушыларымен кездесуі өтті.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ – МӘҢГІЛІК ЕЛ

Аталмыш мектепте педагогикалық практикадан өтіп жатқан 4-курс студенттерінің ұйымдастыруымен өткен шараға т.ғ.д., профессорлар – Т.О. Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев, т.ғ.к., доценттер – К.К. Құнапина, Е.Н. Ноянов, Е.Т. Қартабаева, PhD доктор Ж. Құмғанбаев қатысып, оқушыларға қазақ тарихынан құнды мәліметтер берді. Кездесу тақырыбы кездейсоқ таңдалмаған. Осы мектептің 11-сынып оқушысы Пашар Мұхамедәлі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арнап осы тақырып-такітап жазған болатын. Ол 2016 жылдың қараша айында арнайы шақыртумен Астана Елбасының жеке кітапханасында «Әлемді өзгертетін идеялар» тақырыбында өткен семинар-тренингіне қатысып, өз ітабын Елбасына тарту еткен екен.

Жалпы мектеп ұжымының және оқушылардың тарихқа деген қызығушылығы ерекше жоғары екенін байқадық. Сонымен қатар олар университет, факультет және факультеттегі мамандықтар жайындағы ақпараттарды асқан қызығушылықпен тыңдады. Шараға мектептің 1-11 сынып аралығындағы



балалары қатысып, өздерін қызықтырып жүрген тарихи тақырыптағы әр түрлі сұрақтарын қойды. Мектеп оқушылары білімді әрі жан-жақты өнерлі болып шықты. Оқушылар өздерінің осы сан салалы өнерінен өзірлеген концерттік бағдарламасын қонақтарға тарту етті. Атап айтқанда, Қазақ хандығының құрылуы туралы оқушылар дайындаған сахналық қойылым өте тартымды әрі көркемдік жағынан жоғары деңгейде болды. Жалпы кездесу мазмұнды әрі нәтижелі болды.

Е.Т. ҚАРТАБАЕВА,
дүние жүзі тарихы,
тарихнама және деректану
кафедрасының доценті, т.ғ.к.

ҮНДІ ЕЛІНІҢ 10 КҮНДІГІ

Қазақстанның маңызды стратегиялық серіктесі болып табылатын Үндістан Республикасы – дүниежүзілік саяси, экономикалық алаңда өлеулі ықпалы бар аймақтық көшбасшы. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін біздің мемлекеттерді жалғап жатқан ежелгі достық қарым-қатынастардың дамуы жаңа серпінге ие болды. Бүгінгі күні ғылым, мәдениет, білім беру және бизнестегі әр түрлі салаларда екі ел арасында ынтымақтастық байланыс қарқынды жүзеге асу үстінде.



Биылғы жыл біз үшін, яғни қазақстандық үндітанушылар үшін үлкен мереке. Себебі, бұл жыл екі ел Қазақстан мен Үндістан арасындағы дипломатиялық байланыстың жемісті дами беруіне тілектес екендігін білдірді. Шара барысында елдер арасындағы ынтымақтастықтың жемісті болуы болашақ үндітанушыларға байланысты екендігі сөз болды.

Онкүндік аясында шығыстану факультетінің үндітану бөлімінің жанынан ашылған Махатма Ганди орталығында үнді халқының ұлы көсемі Махатма Карамчанд Гандидің үнді халқына жасаған игіліктері мен кейінгі ұрпаққа мұра ретінде қалдырып кеткен ой-толғаулары туралы бейнебаян көрсетілді. Бұл бейнебаян болашақ үндітанушылар үшін пайдасы мол ақпарат болды. Себебі үндітанушы маман тек тілмен ғана шектелмей, үнді халқына, мәдениеті, тарихына қатысты барлық жағдаяттармен сусындап отыруы тиіс екені баршамызға аян.

Сондай-ақ №92 М.Ганди атындағы физика-математикалық мамандандырылған мектепте «Ғажайып үнді еліне саяхат» атты шағын мерекелік шара өткізіп, мектеп оқушылары мен ұстаздарына үнді елінің мәдени мұралық байлықтарымен, салт-дәстүрлерімен таныстырып, есте қаларлық шарамен бөлісіп қайттық.

Кафедраның жас үндітанушы маманы Меруерт Пернеқұлованың ұйымдастыруымен студенттер мен магистранттар арасында өткен «Хинди тіліндегі үздік шығарма» байқауы онкүндіктегі қызықты шаралардың бірі болды. «Тіл – елдің тұғыры» және «Өз елінің патриотымын» тақырыптарын арқау етіп алған бұл байқаудың мақсаты үнді тілін үйреніп жатқан бөлімнің барлық тәлімгерлерінің тілге деген қызығушылықтарын арттыру болса, екіншіден, өзге тілді меңгере отырып, өз еліне деген сүйіспеншілікті оята түсу негізге алынды. Іс-шара соңында «Үнді

тіліндегі үздік шығарма» байқауының жеңімпазы анықталып, сертификаттар мен сыйлықтар табыс етілді.

Онкүндік барысында Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы, үндітану бөлімінің ұйымдастыруымен «Қазақстан-Үндістан ынтымақтастығы: өткені және келешегі» атты халықаралық онлайн конференциясы, «Жас үндітанушылар» клубының қолға алуымен үнді фильмінің көрсетілімі, «Дүниежүзілік Хинди тілі» сынды үнді халқының тарихы, мәдениеті және салт-дәстүрімен етене таныстыруға арналған маңызды шаралар өткізілді.

Үнді елінің 10 күндігі – бұл үндітану бөлімінің 25 жылдық мерейтойына негіз болған бастама ғана. Келешекте де үнді-қазақ байланысын терең дамыту, Қазақстан мен Үндістан ынтымақтастығын күшейту қазақстандық үндітанушылардың міндеті деп білеміз.

Дариға КӨКЕЕВА,
Таяу шығыс және Оңтүстік Азия
кафедрасының доценті м.а.,
үндітану бөлімінің меңгерушісі;
Зауре ИСКАКОВА
деканның оқу ісі-тәрбие жөніндегі
орынбасары, үндітанушы

Әл-Фараби кітапханасы «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында өтетін дәстүрлі «Жыл оқырманы» шарасына қатысуға шақырады!

Көгілдір көктеммен қатар келетін дәстүрлі шаралардың бірі – студенттік олимпиада. Жыл сайынғы үрдіс бойынша жуырда тарих, археология және этнология факультетінде «Археология және этнология» мамандығы бойынша білімділер сайысы өтті. Шараға республикамыздың әр аймағынан 9 топ қатысты.



ДӘСТҮРЛІ ШАРА

Атап өтсек, Астанадан Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен «Экпонаттар» тобы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінен «Кентавр» тобы, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің «Ибн-Сина ізбасарлары» тобы, Қазақ ұлттық аграрлық университетінен «Тұлпар» тобы, Шымкент қаласынан М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Ұлы дала қырандары» тобы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Тұлпар» тобы.

Бұл пәндік олимпиада студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарын жандандыруға, оларды ұлтжандылық тәрбиеге, ұлттық сана сезімді оятуға баулуға, білім алу және қоғамдық жұмыстарға белсенділігін арттыруға бағытталған. Дәстүрлі мәдениетіміздің рухани және материалдық құндылықтарын сараптай отырып, тани білуге үйрету – бүгінгі қоғамның басты міндеттерінің бірі болып отыр. Сондықтан да біз олимпиаданы «Болашақ мамандар – ел ертеңі» деп атадық, – дейді ұйымдастырушылар.

Жас мамандар өздерінің тапқырлығы мен іздемпаздығын көрсете білді. ҚазҰУ-дың «Археология және этнология» мамандығы студенттерінен құрылған «Сұңқар» тобы суырылып алға шығып, жеңімпаз атанды.

Г.А. МЕЙРМАНОВА,
археология, этнология және
музеология кафедрасының
доценті., т.ғ.к

Еліміздің қарқынды дамуына жол ашуда инновациялық идеялардың алатын орны ерекше. Осы орайда жуырда Экономика және бизнес жоғары мектебінде менеджмент және маркетинг кафедрасының ұйымдастыруымен «Инновациялық идея – сәттілікке апарар жол» атты IX республикалық студенттік пәндік олимпиада болып өтті.

Студенттердің ғылыми әлеуеті мен шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған бұл олимпиада ел ертеңі болатын дарынды да талантты жастардың өз қабілеттерін жан-жақты көрсетуіне үлкен мүмкіндіктер береді. Олимпиадаға «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Менеджмент», «Маркетинг» мамандықтары бойынша еліміздің әр аймағынан жиналған студенттер инновациялық идеяларын әкеліп, өздерінің жаңашыл бастамаларын ортаға салды. Сайдың тасындай іріктелген еліміздің білімді жастары Алатау етегіндегі әсем қала Алматыда бас қосып, өз мамандықтарына сәйкес, тың идеяларын ұсынды. Олимпиадаға үш мамандық бойынша республиканың 10 аймағынан 23 жоғары оқу орны қатысуға ниет білдіргенмен, алайда іріктеу сынынан іріктемей өткен еліміздің 8 аймағынан – Алматы, Астана қалалары, Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан келген 12 университеттің 20 тобы қатысты. Демек, 20 инновациялық идея сарапқа салынды.

Бұл олимпиаданың әділ өтуіне кафедраның оқытушы-профессорларымен қатар, жұмыс берушілер мен олимпиада демеушілері атсалысты. Атап айтқанда, «Dass&partners» компаниясы, «Muzzone» телеарнасы, «Kircard.kz» компаниясы демеушілік көрсетсе, Қазақстан Республикасының жобалық менеджерлер одағы, Алматы қаласының Жастар саясатын дамыту жөніндегі мемлекеттік қоры жұмыс берушілер ретінде олимпиадаға төрелік етті. Әрбір идеяның өзіне тән ерекшеліктері, бір-бірінен озып тұрар тұстары болғандықтан, үздіктердің үздігін таңдау қиынға соқты. Жалпы қатысушы топтарға 3 жүлделі орын және 1 номинация берілді.

Жүзден жүйрік шығып, өздерінің білімі мен ұшқыр ойларының арқасында үздік деп танылған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Менеджмент», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг» мамандықтарының 3-курс студенттері бірінші орынды

иеленді. Үздік атанған топтардың идеялары, шын мәнінде, ары қарай жалғасын табуға лайықты. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша 1-орын иелентен «Абырой» тобы «ЕкоВох» әлеуметтік-экологиялық идеясында Алматы қаласының экологиясын жақсарту мақсатында автоматтандырылған арнайы машина орна-



туды көздейді. «Ecoscard» карточкасын енгізу арқылы экологиямен байланысты мәселені ғана шешіп қоймай, әлеуметтік мәселені шешуді де мақсат еткен. Олардың осы идеясы «Жас Отан» жастар қанаты Алматы қалалық филиалынан, Алматы студенттер альянсынан қолдау тапқан. Ал «Маркетинг» мамандығының «Феникс» командасы «Уақыт керуені» жүйесін енгізу негізінде тарихи ғимараттарды ұялы телефондарға орналастырылған қосымшалар арқылы таныстыру идеясын алға тартты. Ұялы телефонға арналған арнайы қосымшаны ойлап тауып, сол арқылы қазіргі ғимараттың орнында бұрынғы уақытта қандай ғимарат орналасқанын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазбаша таныстыруды мақсат еткен идея авторлары бұл жоба елімізге туристерді көптеп тартуға мүмкіндік

береді деп есептейді. Ал «Менеджмент» мамандығының «SF team (Science fiction team)» тобы қолданылған қағаздарды сиядан тазалауға арналған құрылғы ұсынды. Мұндай құрылғы лазерлік технология негізінде қағаздарды 2-3 рет сиядан тазалауға мүмкіндік береді. Идеаны ұсынушы топ осы арқылы қағазды өндіру мен оны пайдаланудан қоршаған ортаға келетін зиянды азайтуға болады деген тұжырым жасады.

Тартысты өткен сайыста барлық топтар жүлделі орындарға ие болып, арнайы сыйлықтармен марапатталды. Өздері оқитын жоғары оқу орындарының үкілеген үміт-

терін арқалап келген білімді жастар қазақ білімінің қара шаңырағы атанған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен үлкен өсермен аттанды.

Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан студенттер олимпиадасы жыл сайын өзінің ауқымын кеңейтіп келеді. Әрбір үздік деп танылған идеялар еліміздің дамуына игі ықпалын тигізуде. Олимпиаданың жоғары дәрежеде өтуіне ат салысқан э.ғ.д., профессор К.С.Мұхтарова басқаратын менеджмент және маркетинг кафедрасының ұжымына, демеушілік көрсеткен барлық компанияларға қатысушылардың алғысы шексіз.

Г.С. СМАҒҰЛОВА,
А.М. ДЖУЛАЕВА,
менеджмент және маркетинг
кафедрасының доценттері

ӘЛЕМ ОЙШЫЛДАРЫ ҚАЗҰУ-ДА

Философия және саясаттану факультетінде «Философия» пәнінен республикалық олимпиада өтті. Оның аясында әйгілі Рафаэль Сантиниң «Афиналық мектеп» атты мұрасында бейнеленген әлем ойшылдары жанды кейіпкерлерге айналып, қара шаңырақтың әсем ғимаратында «бас қосты»: Ежелгі Үнді, көне заманғы Қытай даналары, антикалық Гераклит, Демокрит, Сократ, Платон, Аристотель, Эпикур, француз экзистенциалисі Жан-Поль Сартрдың және Абай, Шәкәрім ілімдері, Омар Хайямның туындылары талданып, Қорқыттың күйі шарықтады.

Қазақ-Ресей университетінің студенттері Ибн-Синаның емшілік пен философияның біртұтастығы туралы түйінді тұжырымдарын паш етсе, ҚазҰЗТУ командасы Қаныш Сәтпаевтың Ұлыбританияға барған сапарында Қазақстанның «Қарсақпай тасын» жазбай таныған ұлтжандылығы туралы қойылған көрсетті.

«ЭКСПО-2017: философиялық көзқарас» атты алғашқы турда ҚазҰУ-дың «Философия» мамандығы студенттерінен құралған «Ипатия», «Даналық академиясы» командалары және Гумилев атындағы ЕҰУ философиялары алға шықты. Еліміздің рухани, ғылыми-техникалық келешегі, экологиялық қауіпсіздік шараларын

жетілдіру бойынша айтылған жастар ойлары мен түсірілімдері креативке толы болды. Сонымен қатар «Менің сүйікті философым», «Интеллектуал» сынды өзекті тақырыптарға құрылған философиялық бәйге қызықты болғаны соншалық, алты сағат алпыс минуттай өте шықты. Әрбір команда тылсымның сыры, ғаламның құпиясы ретіндегі өз формулаларымен бөлісіп, Ян мен Иньнің біртұтастығын тұжырымдалды. Жанға азық, рухқа шабыт беретін философиялық ұстаным, әсем ән әуеледі.

Олимпиада барысында философия кафедрасының үздік студенттеріне белгілі ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғ.Т.Телебаев, кафедра профессорлары М.Хасанов, С.Еділбаева, Ә.Бұхаев, Ә.Нығметова, және PhD түлектері Е.Токтаров, Т.Оспанов ұсынған шәкіртақылар тапсырылды. Голландиялық профессор Эверт мырзаның жиынға қатысуы Олимпиадаға тың серпін берді.

Философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ФСД институты философия бөлімінің меңгерушісі Аяжан Сағиқызы бастаған қазылар алқасы барлық командалардың бағдарламаларын мұқият талқылап, жеңіске жеткен командаларды анықтады.

Г.Ж. НҰРЫШЕВА,
Г.З. ӘБДРАСЫЛОВА

Қай салада болмасын қатаң бәсекеге төтеп беретін жүйені қалыптастырудың маңызы зор. Бәсекеге қабілеттілік жоғары біліктілікті талап етері анық. Сондықтан студенттерге теориялық білім берумен қатар оларды алға жетелеп, өздерінің білімі мен біліктілігін сынағанын сайыстар көптеп өткізілгені дұрыс.

БІЛІКТІЛЕР САЙЫСЫ

Олардың ішінде мамандықтар бойынша Республика көлемінде өткізілетін студенттік олимпиадалардың алар орны ерекше. Жуырда ҚазҰУ студенттерінің қатысуымен Нархоз университетінде «Есеп және аудит», «Қаржы», «Экономика», «Статистика» және «Бағалау» деп аталатын мамандықтар бойынша студенттердің республикалық пәндік олимпиадалары өтті.

Олимпиаданы үш тур түрінде өтетін кешенді сайыс алаңы деп тануға болады. Бірінші тур 20 ақпанға дейін сырттай әр мамандық бойынша тек жобаны қабылдаумен шектелген еді. Оның қорытындысы бойынша, біздің университеттен

Нархозға 4 топ аттанды. Олимпиаданың екінші туры 28 наурызда өткізіліп, ол тест тапсырмаларын шешу мен есептерді шығаруды талап етті. Үшінші турда жасаған жобаларының тұсаукесерін дайындап, комиссия алдында таныстырылым өткізіп, қойылған сұрақтарға жауап беру міндеттелді.

«Есеп және аудит» мамандығынан барған «Болашақ басшысы» тобы атал-

мыш сайыста екінші орынды иеленді. Топ мүшелері – Гүлзира Ержан, Бағила Біліә, Жансая Ноғайбекова «Есеп және аудит» мамандығының 3-курс студенттері. Ғылыми жетекші басшылығымен топ бүгінгі күннің өзекті мәселесі танылатын бухгалтерлік есеп аутсорсингі тақырыбындағы жобаны таныстырды.

Есеп және аудит кафедрасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінде табысты қызмет атқара алатын, сұранысқа ие жоғары білікті мамандарды дайындап келе жатқандығын атап өтуге тиіспіз.

А.З. АРЫСТАМБАЕВА,
аға оқытушы

Студент КазНУ Гусман Қырғызбаев завоевал золотую медаль на международном турнире Grand Prix в Турции

ЛУЧШИЕ СТУДЕНТЫ

На сегодняшний день организация исследовательской деятельности рассматривается как мощная инновационная образовательная технология. Она служит средством комплексного решения задач всестороннего образования и развития студентов. Помимо учебных целей и задач, на юридическом факультете в своей работе перед студентами ставят задачи, направленные на развитие и формирование навыков исследовательской деятельности.

На юридическом факультете большинство одаренных студентов вовлечены в грантовые исследования, в рамках которых они раскрывают свой научный потенциал. Студенты 3 курса С.Гончаров, И.Зайнуллина, А.Кабдиев, Е.Моисеева принимали участие в подготовке Национального доклада «Молодежь Казахстана – 2015», который выполнялся силами ученых Института государства и права КазНУ им. аль-Фараби. Студенты проводили опросы и интервью с молодежью различных регионов Республики Казахстан. Также студенты С.Гончаров, И.Зайнуллина, А.Кабдиев, Е.Моисеева приняли участие в реализации

двух грантовых исследований: «Проблемы конституционного развития Казахстана как суверенного государства: прошлое, настоящее, будущее» и «Правовая культура как основа правового государства и гражданского общества: проблемы теории и практики». В рамках данных исследований в 2015 г. студенты Е.Моисеева и С.Гончаров за счет грантового проекта приняли участие в конференции в г. Перми Российской Федерации, в этом же году С.Гончаров принял участие в Астанинском экономическом

дополнительного образования ЧОУ «ЦДО «СНЕЙЛ» (г. Омск, РФ) и АНО ВО «Пермский институт экономики и финансов» (г. Пермь, РФ) организовали и провели Первую Международную олимпиаду по Правоведению, в которой приняли участие 294 студента из 5 стран СНГ.

На данный момент студент 3 курса С.Б.Гончаров учредил и организовал при поддержке группы ученых Австрии, России и Казахстана I Международный научный форум молодых ученых «Восток – Запад» (1-10 апреля 2017 года), который также носит социальный и благотворительный характер. Основной целью форума является создание диалоговой площадки и возможности обмена научными достижениями



форуме. 2016 г. студент С.Гончаров стал обладателем именной стипендии Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации за особые заслуги в науке и общественной жизни. Также студент С.Гончаров стал победителем в Конкурсе ежемесячных стипендий Общественного Объединения «Taibugyl» и был удостоен именной стипендии по программе «Поддержка образования» от Казахстанской Ассоциации Предпринимателей «КАЗКА» и АКНМ.

Студенты юридического факультета под руководством д.ю.н., профессора А.С.Ибраевой активно ведут работу по написанию научных статей. На сегодняшний день студентка Е. Моисеева имеет более 10 опубликованных научных статей, И. Зайнуллина и А.Кабдиев – около 20 опубликованных научных статей, а студент С.Гончаров – более 55 научных статей, опубликованных в различных изданиях стран СНГ и дальнего зарубежья.

В прошлом 2016 году студенты совместно с Международной организацией

молодых ученых Евразии, обсуждение наиболее актуальных проблем молодых ученых и популяризации науки среди молодежи.

Таким образом, научно-исследовательская деятельность есть прекрасный способ самореализации для студента. Здесь молодой человек не ограничен каким-то одним предметом, а имеет возможность развиваться в любом направлении. Отметим, что мощным стимулом для развития научной деятельности и научных способностей является само нахождение в среде единомышленников. Поэтому необходимо постоянно проводить научные конференции среди студентов. Тем самым, уже в стенах ВУЗа определяются будущие ученые. Следует отметить, что немаловажная роль принадлежит научным руководителям. Талантливой молодежи нужны талантливые педагоги, для этого, на наш взгляд, необходимо формировать научные школы в стенах университета.

А.С. ИБРАЕВА,
д.ю.н., профессор



Осы жылдың наурыз айында кемеңгер ғалым, заң ғылымының докторы, профессор, тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына айтарлықтай өз үлесін қосқан мемлекеттік және саяси көрнекті қайраткер Шәйкенов Нағашыбай Аманғалиұлы 70 жасқа толар еді. Н.А.Шәйкенов тәуелсіз мемлекетіміздің заңдылық құқықтық жүйесін қайта құруға алғашқылардың бірі болып атсалысқан болатын.

Ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалымның 70 жылдық мерейтойына орай, Бостандық ауданы КММ №81 мектеп-гимназияның «8» сынып оқушыларына мектеп басшылығының, ҚазҰУ оқытушылары мен ұстаздардың қатысуымен «Қазақстан Республикасындағы «Неке және отбасы»

туралы» сыныптан тыс құқықтық шара өткізілді.

Сынып жетекшісі жоғары санатты ұстаз, «Лидер образования» медалінің иегері Әлия Салдықова оқушыларға шара мақсатын, міндеттерін және сабақтың өту формасын түсіндірсе, «Шәйкенов шәкірттері ассоциациясы»

Керекті шара

Қоғамдық бірлестігі мүшелері, зангер-нотариус Гүлшаг Такишева мен зангер Диас Дауылбаев ҚР Неке және отбасы туралы Кодексіне сәйкес ашық сабақ тақырыбына заңдылық және құқықтық тұрғыдан сараптама берді. «Неке және отбасы» туралы зангерлерден алған білімдерін нығайту мақсатында оқушыларға кәметтік жасқа толмаған қызды өз еркіне қарсы алып қашу туралы ситуациялық ойын тапсырмасы беріліп, қорытынды шешім шығаруда заң өкілдерінің рөлдерін сомдады.

Оқушылар шығарған шешімге мамандар кәсіби талдауларын жасап, ситуацияға байланысты жәбірленуші мен айыпталушының құқықтарын және заң өкілдерінің заңдылық тұрғыдағы іс-әрекеттеріне толыққанды сипаттама берді.

Ж.Б. САБЫРБЕК,
PhD



МӘДЕНИЕТ – ҰЛТТЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ

Қазіргі жаһандану заманында технологиялық үрдістер мен бұқаралық ақпарат құралдары саласының қарқынды жүруінің салдарынан қоғамның рухани байлықтан тыс кетіп бара жатқандығы бәрімізге мәлім. Қоғамда орын алып жатқан бұл өзгерістерге айтарлықтай елең еткізетін жағдай деп қарауымызға болады. Қазақ қашан да рухани азыққа жүгінген халық. Жастар арасында «мәдениет» деген сөздің қадірін де, мән мағынасын да саралай алмайтын білімсіздік өріс алып бара жатқандығы қоғамды бей-жай қалдырмауы тиіс. Сондықтан бүгінде білімді ұрпақ тәрбиелеудің маңызы зор. Осы орайда болашақ кәсіби маман болатын студенттің ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен саналы сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыру мақсатында ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінде «Мәдениеттану» мамандығы оқытылады.

Мәдениеттану – пән ретінде студенттердің қоғамдық белсенділіктерін дамытуға, бос уақыттарын тиімді өткізуге, сондай-ақ мәдениет пен спорт бағытын жетілдіруге, университеттің ұжымдық мәдениетін арттыруға бағытталған. Бұл бағыттар бойынша «Мәдениеттану» мамандығының студенттері әр түрлі байқаулар мен дөңгелек үстелдер, іс-шаралар өткізеді, әрдайым көрмелерге, кинотеатрларға, театрларға, қала мұражайларына барып тұрады, студенттік экскурсиялар, мәдениет саласында қызмет етіп жүрген дарынды өнер қайраткерлерімен қызықты кездесулер ұйымдастырып тұрады.

Ұлттық мәдениеті – сол ұлттың жандүниесі, ақыл-ойы, парасаты. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатады. Сол себепті мәдениеті-німізді көзіміздің қарашығындай сақтап, жетілдіруіміз тиіс. Бұл тұрғыда, әрине, бірінші кезекте «Мәдениеттану» мамандығының қосар үлесі зор болмақ. Мамандықтың қоғамның қалыптасуына, жас ұрпақтың жарқын болашағына, еліміздің ертеңіне үлкен үлес қосарына сенім артамыз.

К.Ә. БИЯЗДЫҚОВА,
Филос.ғ.к., доцент
М.С. ТҰРҒЫН,
4-курс студенті



ЭКСПО көрмесі бүкіл әлемде 1851 жылдан бастап өтілуде. Шара ауқымдылығы жөнінен Олимпиада және әлемдік футбол кубогы ойындарынан кейінгі үшінші орында тұр.

2012 жылдың 22 қарашасында халықаралық бюроның 161 мүше-мемлекетінің жасырын дауыс беруі нәтижесінде Астана қаласы ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу орны деп тағайындалды. Астананың өтінішін 103 мемлекет қолдады. ЭКСПО-2017 бұрынғы кенес мемлекеттерінің бірінде өтетін жоғары деңгейдегі алғашқы көрме болмақ.

«Болашақ энергиясы» ЭКСПО-2017 көрмесі тұрақты энергия көздерін дамытуға, энергия үнемдеу сенімділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған стратегияларды, бағдарламалар мен технологияларды зерттеуге бағытталған.

1930 жылы бүкіл әлемде 300 млрд кВт-сағат энергия өндірілсе, ал қазір 60 000 млрд кВт-сағат энергия тұтынылуда. Бұл – өте үлкен көрсеткіш. Адамның энергетикалық сұранысы күннен-күнге өсуде. Орасан зор жобаға 100-ден астам ел, 10 халықаралық ұйым мен инновациялық технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы компаниялар қатысады. Көрме шеңберінде бүгінгі күнгі өзекті энергияның баламалы көздері мен «жасыл технологиялар» сұрағындағы аса жаңа шешімдерді көрсету күтіледі.

ЭКСПО көрмелерінде әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсетеді. Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады. Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу жолында талай белес-



Bureau International des Expositions

**ӘСЕР АЛУҒА КЕЛ!
ПРИХОДИ ЗА
ВПЕЧАТЛЕНИЯМИ!**

**2017 | 10 маусым / июня
қыркүйек / сентябрь**

Билеттерді онлайн сату / Сылдан билеттерді билеттерді www.expo2017astana.com

терді бағындырды, тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Осы қысқа ғана уақыт ішінде экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейдегі ішаралардың өтуіне ұйытқы бола білдік. Жаһандық мәселелер талқыға түскен кешегі ЕҚЫҰ-ның саммиті, Астана экономикалық форумы, Инвестициялық форум, Дүниежүзілік ислам экономикалық форумы жас мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, абыройын асқақтатты. Ең бастысы, даму бағытын айқындап берді.

«Болашақ энергиясы» тақырыбына халықаралық көрме өткізу біздің тіршілігіміздегі басты мағынаға ие болатын және

біздің өміріміздің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруда шешуші рөл атқаратын мәселе туралы ойлануға мәжбүр етеді. Бұл мәселе көліктерімізді энергиямен жабдықтауда, үйлерімізді жылытуда және қалаларымызды жарықтандыруда пайдаланатын азды-көпті дәстүрлі қуат көздерінің үдемелі ескіруі, толығы мүмкіншілігінің жоқтығы және оларды пайдаланудың біздің планетамызға, денсаулығымызға және қауіпсіздігімізге күрделі әсер етуі сенімсіздік пен қамқөңілдік тудыратын кезеңде, әсіресе, өзекті болып табылады.

Астана ЭКСПО-2017 көрмесі бізге біздің денсаулығымыз бен қоршаған орта қауіпсіздігін қамтумен қатар экономикалық

және әлеуметтік дамуды тездетуге қатысты адамзат алдындағы міндеттер мен мәселелерді ескере отырып, қуат тасымалдаушыларына жалпы, жаһандық көзқараспен қарауға көмектеседі. Осы міндеттер мен мәселелердің сәтті шешімін табу көптеген факторларға, оның ішінде біздің әрқайсымыздың жеке қатысуымызға да байланысты болмақ.

Бақыт КӨБЕКОВА,
дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға-оқытушысы;
Айгерім САҚМҰРЗАЕВА,
«Мәдениеттану» мамандығының 4-курс студенті

ҚазҰУ студенті Ғұсман Қырғызбай дзюдодан Түркияда өткен халықаралық Grand Prix турнирінде алтыннан алқа тағынды.

ТҰҒЫРЛЫ ЖЕҢІС!

Анталия қаласында өткен спорт сайысында оның бірінші қарсыласы Түркіменстан спортшысы Батыр Гурбаниязов болды. 60 келі салмақтағы спортшылар арасында болған белдесудің нәтижесінде Ғұсман Қырғызбай таза жеңіске жетті. Екінші және үшінші қарсыластары Моңғолия мен Тайпей елінің дзюдошылары болды. Ғұсманның айтуынша, қарсыластарының дайындық деңгейі мықты болғандықтан, оларды жеңу оңайға түспеген. Бірақ техникасы мықты қазақ жігіті қарсыластарын қапыда қалдырды.

Сайыс жартылай финалда қызды. Жекпе-жекке шыққан Қытай Тайпейінің дзюдошысы Янг Юнг Уэй өзінің асқан шеберлігімен көзге түскенімен, қазақ спортшысының тегеурініне төтеп бере алмады.

Ақтық жарыста Ғұсман Түркия дзюдошысы Өзли Бекирмен белдесіп, оны шалқасынан түсірді. Осылайша, ҚазҰУ спортшысы жарыс жолын жеңіспен жүріп өтіп, алтынды қанжығасына байлады.

Айта кетерлігі, аталмыш жарыста ҚазҰУ студенттері – Максим Раков пен Мариан Ордабаева Қазақстан құрамасының қоржынын күміс медальдармен толықтырды. Сәуірдің 7-9 аралығында Анталия қаласында өткен жарысқа 34 елдің 252 спортшысы қатысып, Қазақстан намысын 22 дзюдошы қорғады. Байрақты бәсекеде жеңіске жеткен спортшыларды шын жүректен құттықтаймыз! Алға, Қазақстан! Жаса, ҚазҰУ-ым!

Файзулла САВИТҰЛЫ,
аға оқытушы, банкер

ҚазҰУ-дың «Ай-Тұмар» тамақтандыру орталығы студент жастарды қолдау мақсатында 400 теңгелік кешенді түскі ас берді.



Тамақтандыру орталығына ағыл-тегіл келіп жатқан студенттер үшін бұл күн мерекемен тең. Орталық директоры Сара Шаяхметқызы мұрындық болған игі бастамалар түрлі мерекелер аясында 3 жыл қатарынан өткізіліп келеді. Ал биылғы шара 12 сәуір – Ғалымдар күніне орай ұйымдастырылды. «ҚазҰУ халықаралық QS рейтингінде 236-орыннан көрініп, әлемнің 250 үздік университетінің қатарына енді. Бұл ҚазҰУ-дың білгір мамандар дайындала келе жатқанының ай-

қын көрінісі. Осы көшті бастаған Ғалым Мұтановтың және университет ғалымдарының еңбектерін ескере отырып, аталмыш шараны қолға алдық», – дейді орталық директоры.

Шара аясында Сара Шаяхметқызы университет дамуына өзіндік үлес қосып келе жатқан талантты студенттерге өз тарапынан сыйсыяпат ұсынды. Сондай-ақ тамақтандыру орталығында әр аптаның жұмасында студенттерге арнап тегін сорпа дайындалып отырады. Орта-

ИГІЛІКТІ ІС

лық директорының айтуынша, мұндай іс-шаралар студенттерге әлеуметтік көмек ретінде жиі өткізіліп тұрады.

География және табиғатты пайдалану факультетінің студенті Жусан Жақсылық: «Бұл бағдарламаның әлеуметтік желіден көріп, досың екеуіміз келеміз деп шешім қабылдадық. Мұндай мүмкіндіктер ылғи бола бермейді», – деп пікір білдірді. Осы факультеттің студенті Аманқос Айдар да ұйымдастырушыларға деген ризашылығын жасырмады. Философия және саясаттану факультетінің студенті Жансая Сәтекова болса, студенттерге тиімді бағала ұсынылған астың аса дәмді әрі пайдалы екендігін атап өтті.

Айта кетерлігі, жақын арада Тамақтандыру орталығы және Жастар ұйымдары комитеті бірлесіп, әр факультет қыздарының асханаға икемділігін анықтау мақсатында байқау ұйымдастырмақ.

Жазерке ҚАРАТАЕВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің ректораты

РЕДАКЦИЈА ҚАҚСЫ

Бас редактор: Әйгерім ӘЛМБЕКОВА
Тішілер: Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Жазерке ҚАРАТАЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Фототіші – Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА

МЕКЕНЖАЙ

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, II-қабат,
№104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №188

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.